

FTAXP 06.71.07

ӘОЖ 334.7

JEL Q13

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2024-1-4-144-159>

КУАТБЕКОВА Р.Н.,¹

докторант.

e-mail: kuatbekova_91@mail.ru

ORCID ID: 0009-0005-9584-5800

МУХАМЕДХАНОВА А.Б.,^{1*}

PhD, аға оқытушы.

*e-mail: dia-2808@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-2685-6125

КАРИМОВ Д.М.,²

Э.ғ.к., доцент.

e-mail: karimov.diyor65@gmail.com

ORCID ID: 0000-0002-6050-1806

СЕЙТОВА В.Н.,¹

PhD, аға оқытушы.

e-mail: Vilena_11@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-4404-4916

¹М. Әуезов атындағы Оңтүстік

Қазақстан университеті,

Шымкент қ., Қазақстан

²Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан

ұлттық университеті,

Ташкент қ., Өзбекстан

ЕТ ӨНДІРІСІНДЕГІ КӘСІПКЕРЛІК ҚҰРЫЛЫМДАРДЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БӘСЕКЕЛІК ҚАБІЛЕТТІГІН АРТТЫРУ

Андатпа

Мақалада Қазақстандағы ет бағытындағы кәсіпкерлік құрылымдардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруда олардың өндірісіне ендірілген инновациялық қызметтерге талдау жүргізілген. Кәсіпкерлік құрылымдардың болашаққа стратегиялық бәсекелік қабілеттігін арттыруда инновациялық қызметтерді ет өндірісіндегі кәсіпкерлік құрылымдардың инновациялық кооперация және технологиялық интеграциялық бірлесу негізінде жаңа инновациялық өнімдерді өндіру олардың өндіріс көлемін, сапасы мен тиімділігін арттырады. Инновациялық кәсіпкерлікке негізделген ЖШС «Ордабасы құс» компаниясы жаңа идея мен мүмкіндіктерді үнемі іздестіруге негізделген, инновацияға бағытталған ұйымдастыру мен басқарудың жаңа тәсілін қолданған Қазақстандағы алғашқы инновациялық кәсіпорын екендігі анықталды. Бұл кәсіпкерлік құрылымда ондаған жаңа өндірістік, үрдістік, өнімдік және маркетингтік инновацияларды өз кәсіпорындарына енгізу негізінде жаңа өнімдерді шығару, өнімдердің ассортиментін кеңейту, өнім сапасын жақсарту, сату арнасын анықтау, өзіндік құнын төмендету есебінен өнім мен кәсіпорынның бәсекелестік қабілеттілігін арттыруға қол жеткізді. Қазақстанның ет өндірісіндегі кәсіпкерлік құрылымдарының: ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, өндірістік кооперативтер, шаруа (фермер) қожалықтары, жеке кәсіпкерлер, жеке қосалқы шаруашылықтар аралық кооперациялық байланыс негізінде инновациялық өндірістік бірлестіктер (кооперативтер) құру негізінде ет пен ет өнімдерін (өндіру-өңдеу-сату) қызметтерін бірлесе атқаруды авторлар ұсынады. ЖШС «Ордабасы құс» құс компаниясы екі стратегиялық өсу жолын: 1) КСИӨ - «кері стратегиялық интеграциялық өндіріс» негізінде – асыл тұқымды күрке құсы жұмыртқаларын өндіруге бағытталған аналық күрке құс табының бағатын «инновациялық өндіріс» құру; 2) АЖСИӨ - «алға жүруші стратегиялық тік интеграциялық өндіріс» негізінде – кеңейтілген қайта өндірісті қарқынды дамыту мақсатында аналық күрке құс табының орнын басуға жас күрке балапанын өсіретін «инновациялық өндіріс» құру ұсынылады.

Тірек сөздер: инновация, құс еті саласы, кооперация, ұйымдық инновация, инновациялық-кооперация, ет өнімдері, ет өңдеу, инновациялық өнімдер, инновациялық өндіріс, маркетингтік инновация.

Кіріспе

Нарық жағдайында етті мал шаруашылығы салаларындағы кәсіпкерлік құрылымдардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру олардың тікелей өндірісіне ендіріліп жатқан инновациялық қызметтерге тікелей байланысты.

Кәсіпкерлік құрылымдардың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың өндірістік және қызметтік амал тәсілдерін, бәсекелес құрылымдарда өз өндірісінде амал тәсілдерді қолдана отырып, инновациялық жетістіктерді өндірісіне енгізуден қажетті нәтижеде бәсекелік үстемдіктерін арттыруға мүмкіндік береді. Сондықтан қазіргі нарық жағдайында кәсіпкерлік құрылымдардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың жолдарын анықтау өзекті болып табылады. Егер бәсекелестік үстемдіктерді дамыту жолдары мен кәсіпкерлік құрылымдардың бәсекеге қабілеттілігімен сәйкестік болса, онда өндірістік бәсекеге қабілеттілік өндіріс ресурстары мен факторлардың көлемі мен сапасына, өндіріс тәсілімен, оны ұйымдастыру жолдары негізінде қалыптасатыруға болатынын айтқан жөн [1].

Кәсіпкерлік құрылымдардың стратегиялық бәсекеге қабілеттілігі, кәсіпкерлік құрылымдарды басқарудың амалдары мен факторлары және өндіріс құрал-жабдықтары мен озық технологияларды инновациялық жаңа, тиімді жолмен қолдану, одан қосымша пайда табу қабілетіне негізделі қалыптасады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында заманауи талдау әдістері, оның ішінде талдау және синтез, индекстік талдау, болжауға мүмкіндік беретін өткен тәжірибелерге негізделген эксперттік бағалау, салыстыру және қорытындылау әдістері қолданылды.

Басқарудың негізгі амал тәсілдерін жинақтау мен дамытуды жолға қоятын инновациялық қызметтер, зияткерлік капитал мен ақпарат кәсіпкерлік құрылымдардың бәсекеге қабілеттілігін стратегиялық деңгейге дейін арттыру жолдары ретінде маңызды рол атқаратынын атап өту қажет.

Жоғарыда кәсіпкерлік құрылымдардың бәсекеге қабілеттілігінің стратегиялық деңгейі бәсекелестік үстемділіктерді болашаққа тұрақты қалыптастыру және дамуын, бәсекеге қабілеттілікті белгіленген үстемділік деңгейге арттыру амал тәсілдерін инновацияға негізделген деп атауға лайық [2].

Қазақстанда инновациялық кәсіпкерлік құрылымдарды дамыту стратегиясы ауыл шаруашылық саласы, соның ішінде ет бағытындағы мал шаруашылығы саласын келешекке дамыту мақсатында елді азық-түліктік ет өнімдерімен қамтамасыз етуді алға қояды. Ет бағытындағы мал шаруашылығы саласын стратегиялық даму кәсіпкерлік шаруашылық қызметтерді атқарудың жаңа мүмкіндіктерін ашып, инновациялық жетістіктерді, жаңалықтарды өндіріске ендіруге, кәсіпкерлік құрылымдардағы шектеулі материалдық-қаржылық ресурстарды пайдаланудың инновациялық жаңа көзқарастарын жүзеге асырады.

Яғни, бәсекелестік үстемдіктердің төменгі деңгейден жоғарғы деңгейге өсуін ынталандыратын амал тәсілдер, кәсіпкерлік құрылымдардың бәсекеге қабілеттілік деңгейлерін өндірістік кәсіпкерлік құрылымдардан стратегиялық бағытта дамитын кәсіпкерлік құрылымдар деңгейіне дамытуды ынталандыратын амал тәсілдерге сәйкес болады [3].

Нәтижелер мен талқылау

Стратегиялық басқаруды зерттеуші ұлы ғалым М.Портер өз еңбектерінде инновация негізінде бәсекеге қабілетті кәсіпкерлік құрылымдардың стратегиясын құрудың үш түрін қарастырады [4].

Стратегияны құрудың, бірінші түрі, бұл кәсіпкерлік құрылымдардың шаруашылық шығындарын ең төменгі деңгейде жұмсалуды бойынша лидерлікке жетуіне байланысты. Бұндай стратегияны құруда кәсіпкерлік құрылымдар, өндіріп жатқан өнімінің бірлігіне ең аз өзіндік құн

болуын қамтамасыз етеді, өнімді өткізу немесе сату барысында баға деңгейін төмендетіп өнімнің бәсекелік қабілеттілігін көтеріп, сатылу үлесін арттырады, табысты асырады.

Стратегияны құрудың, үшінші түрінде, нарықтың бір белгілі бөлшегін иелеу және кәсіпкерлік құрылымдардың өндірістік қуатын нарықтың сол бөлшегіне шоғырландыру және соны меңгеру. Нарық жағдайында өндіріліп жатқан өнімге сұранысты зерттей отырып, тұтынушыларға өнімнің шығынын төмендету, яки өндірісті терең мамандандыру арқылы немесе екі стратегияның түрін байланыстыра жүзеге асырса болатынын атап өтті [5].

Қазіргі нарық жағдайында кәсіпкерлік құрылымдардың стратегиясын дамытудың түрлері келесі элементтердің біреуінің немесе бірнешеуінің инновациялық өзгерісімен жүзеге асырылады: 1) өнім; 2) нарық; 3) сала; 4) сала ішіндегі кәсіпорынның орны; 5) технология. Осы айтылған 5 элементтің әр бірі екі жағдайдың бірінде болуы мүмкін: қазіргі жағдай немесе инновациялық жаңа жағдай. Мәселен, өнім өндіру бойынша, алдыннан өндірілетін өнім, немесе инновациялық жаңа өндірілетін өнімге өту шешімі болуы мүмкін» [6].

Ет бағытындағы кәсіпкерлік құрылымдар инновациялық стратегиялық бәсекелік қабілеттігін арттыру мақсатына түрлі амал тәсілмен жетеді. Мысалы, біріншіден, кәсіпкерлік құрылымдар өз өндірісінде өндірген өнім немесе қызметтің шығындарын қысқарту арқылы пайдасын арттырса, екіншіден, өнім мен қызметтердің тұтынушылар үшін пайдалылығын, сапасын арттыру негізінде табысын көбейтеді. Бұл осы кәсіпкерлік құрылымдардың материалдық, қаржылық және т.б. ресурстарын тиімді қолдануына байланысты және мақсатқа жету амал тәсілін таңдау, бұл кәсіпкерлік құрылымдар үшін стратегияны таңдау болып табылады.

Стратегия бұл кәсіпкерлік құрылымдардың ұзақ болашаққа даму бағыты, оның өндірісті ұйымдастыру жолы, қызмет, қолданатын техника және технологиясы, ішкі ұйымдастыру жүйесі, кәсіпорынның сыртқы ортаның өзгеруіне икемді өзгере отырып, өз мақсатына жету жолдары болып табылады [7].

Нысанының қызмет түрлеріне қатысты – кәсіпкерлік құрылымдар: өнім өндіру, инвестициялық және қаржылық қызметтарға байланысты өндірістік қызметтер ретінде зерттеледі. Егер инновациялық шешімдер өнімді өндіру технологиясының өзгеруіне (негізгі өндіріс үрдісінің өзгеруіне, өнімнің жаңа тұтынушылық құндылығының қалыптасуына) ықпал етсе, оларды өнімге бағытталған инновациялар ретінде қарастыру қажет.

Өндірістік инновациялар - кәсіпкерлік құрылымдарда өндірілетін жаңа өнімдерде, қызметтерде, өндірістік үрдістің технологияларында іске асырылады, жаңа өндірісті құру, өндірістік үрдіске жаңа элементтерді енгізуді білдіреді. Бұл, сонымен қатар, өндіріс тиімділігін арттыруға бағытталған технологиядағы, өндірістік жабдықтардағы елеулі өзгерістерді қамтиды [8].

Өнімдік инновациялар – техникалық, қызметтік, тұтынушылық сипаттамалары бар жаңа немесе едәуір жақсартылған, жетілдірілген материалдарды пайдалана отырып өндірілген өнімдерді өндіруден тұрады. Инновациялық өнімдер (қызметтер) кәсіпкерлік құрылымдар үшін жаңа немесе жақсартылған болуы тиіс.

Маркетингтік инновациялар – бұл кәсіпкерлік құрылымдарда жаңа маркетингтік тұжырымдамаларды немесе стратегияларды қолдану. Өнімнің дизайнында немесе қаптамасында, өнімді орналастыруда, нарықта жылжытудың жаңа тәсілдерін қолдану немесе баға белгілеуде айтарлықтай өзгерістер болуы мүмкін. Олар, сондай-ақ, ет және ет өнімдері үшін олардың сыртқы түрі үшін шешуші мәнге ие орамдағы өзгерістерді қамтиды [9].

Қазақстанның Түркістан облысында орналасқан, күрке етін өндіруші және терең өңдеуші ЖШС «Ордабасы құс» компаниясы басқа кәсіпкерлік құрылымдар сияқты өз өндірісіне қосымша өндірістік құрылымды сатып алу, немесе, қосып алу арқылы, немесе, өз ішінен өндірісті кеңейте отырып, интеграциялық өсуді жүзеге асыруда. Екі жағдайда да саланың ішінде құс шаруашылығының кәсіпкерлік құрылымдық жағдайларының өзгеруі байқалады [10].

Мысалы, инновациялық кәсіпкерлікке негізделген ЖШС «Ордабасы құс» компаниясы жаңа мүмкіндіктерді үнемі іздестіруге негізделген, инновацияға бағытталған басқарудың жаңа инновациялық тәсілдерін қолданушы Қазақстандағы алғашқы инновациялық кәсіпорындар екендігі анықталды.

Кесте 1 – ЖШС «Ордабасы құс» күрке компаниясында «өндіру-өңдеу-сату» технологиясымен жүзеге асырылған және болашаққа ұсынылатын инновация түрлері

Өндірістік, үрдістік инновациялар	Өнімдік инновациялар	Маркетингтік инновациялар
Жүзеге асырылған инновация түрлері:		
1. Инкубация өндірісі	1. Жас аналық шөже, 2. Жас еттік нәсілдік шөже.	1. Аналық шөже сату 2. Еттік нәсілдік шөже сату
2. Күркетауық еті өндірісі	3. Мұздалған күркетауық еті 4. Тоңазылған күркетауық еті	3. Монолит-гофро ыдыста сату 4. Вакуумдық ыдыста сату
3. Құсты сою, қайта өңдеу өндірісі	5. Қайта өңделген күрке еті 6. Вакуумдық ыдыста күрке еті 7. Етті сүйекті үн	5. Өңделген күрке етін сату 6. Вакуумдық ыдыста ет сату 7. Етті сүйекті үн сату
4. Қулинариялық қайта өңдеу өндірісі	8. Жартылай фабрикат, 9. Күрке еті консервілері 10. Ысталған құс еті 11. Құс шұжықтары 12. Пісірілген құс еті	8. Жартылай фабрикат сату 9. Банкте құс еті консервілері 10. Ысталған құс еті орамы 11. Шұжық, сосиска орамы 12. Пісірілген құс етін сату
5. Ұйымның меншікті азықтық жем өндірісі	13. Ұсақ, түйіршікті аралас-жем 14. Жемдік үн үшін аралас-жем	13. Өз өндірісін аралас-жеммен қамтамасыз ету
6. Көтерме сауда торлары 7. Бөлшек сауда, дүкендер	15. Көтерме сауда қызметі 16. Бөлшек сауда қызметі	14. Көтерме саудада сату 15. Фирма дүкендерінде сату
Болашаққа авторлардың ұсынған инновация түрлері:		
1. Отандық нәсілдік күрке жұмыртқа өндірісін құру 2. Жас аналық күрке шөжелер өсіру өндірісін құру	1. Отандық нәсілдік жұмыртқа 2. Нәсілдік шөжені аналық күрке тауыққа өсіру	1. Шаруа, жеке тұрғындар қожалығына жас еттік нәсілдік шөжелерді өсіруге сату 2. Жеке тұрғындар мен шаруаларға аралас жем сату
Ескертпе: Авторлармен [15] дереккөз негізінде құрастырылған.		

1-кестеде ЖШС «Ордабасы құс» компаниясы өнеркәсіп негізінде күрке тауық етін өндіру өндірісін, қалдықсыз технология арқылы, қызмет атқару мақсатында 7 өндірістік және үрдістік инновацияларды, 16 өнімдік инновацияларды және 15 маркетингтік инновацияларды өз өндірісіне ендіргенін байқаймыз. Сонымен бірге, бұл компанияға 2 өндірістік, 2 өнімдік және 2 маркетингтік инновацияны болашақта осы компанияның өндірісіне ендіруді авторлар ұсынады.

Стратегиялық дамудың болашақтық үлгісі ретінде әр бір ет өндіретін құс компаниясының ішінде ішкі өндірістік бөлімшелераралық интеграциялық байланыс негізінде құс етін «өндіру – өңдеу – буып-түю – сату» үрдістерін толық меңгеру мақсатында бір компанияның ішінде бірнеше «инновациялық өндірістер» арнайы технологияларымен (ет өндіру, ет өңдеу, шұжық және қазы өндірісі, аралас құрама жем өндірісі және т.б. – 7 бірлік), «өнімдік және қызметтік инновациялар» арнайы техника, жабдықтарымен (қазы мен шұжық, аралас жем және т.б. – 16 бірлік), «маркетингтік инновацияларды» (буып-түю, гофраыдыс, вакуумдық орама, көтерме, бөлшек сауда және т.б. – 15 бірлік) бір құс компаниясының ішінде жиылып, құрылуы, өнеркәсіптік негізде технологиялық интеграциялық байланысты бір компания ішінде ұйымдастыруды, ол жалпы өнімдердің қалдықсыз өз уақытында оңтайлы еттің өңделуі, сақталуы, буып-түюлуі, сатылуы технологиялық интеграциялық байланыстың артықшылығын толық пайдалауға мүмкіндік береді (1-кесте).

Өнімдік инновацияны жүзеге асыруда кәсіпкерлік құрылымдар келесі стратегияларды қолданады:


1) кәсіпкерлік құрылымдар өзінің шығарып жатқан өніміне өз нарығында ұтымды жағдайды қалыптастыруды көздейді, яғни нарықта өз позициясын арттыру стратегиясы. Бұл стратегия маркетингтік зерттеу нәтижесінде тиімді жүзеге асады, әсіресе кооперациялық байланыс негізінде құрылған кооперативтік құрылымдар өзіне бәсекелес құрылымдарды бақылауға мүмкіндік алады.

2) өнімді дамыту стратегиясы, кәсіпкерлік құрылымдардың игерген өз нарығында жаңа инновациялық өнімді өндіру арқылы стратегиялық өсуге негізделеді (Виханский, 1998).

Кәсіпкерлік құрылымдарды дамытудың негізгі стратегиясының бірі, ол кәсіпорынға жаңа инновациялық құрылымдарды қосу арқылы, кәсіпорынды ірілендіру, ұлғайтуға негізделген инновациялық интегралдық өсу стратегиясы болып табылады. Бұл стратегияны кәсіпкерлік құрылымдар өз өндірісінде шоғырландыру стратегиясын қолдана алмаған жағдайда, кәсіпорындар болашаққа қарқынды даму мақсатын көздей іс жүзіне асырады [11].

Кәсіпкерлік құрылымдарда өсу стратегиясының алға бастаушы тік интеграциялық стратегиясын қолдану бұл кәсіпкерлік құрылымдардың өнімдерін сатып алушылар мен тұтынушыларды бақылау мақсатында ортадағы делдал ұйымдардың қызметтерін өз меншігіне алу, өндірісіне ендіру мақсатында инфрақұрылымдық кәсіпорындарды құру, қосып алу, сатып алу арқылы кәсіпкерлік құрылымдарды дамытуға негізделеді [12].

Етті мал шаруашылығы кәсіпкерлік құрылымдарында өнімдер мен қызметтер көлемін арттыру зерттеліп жатқан етті мал шаруашылығын шикізат экономикасынан инновацияға бағытталған экономикаға, білім жаңалықтарына негізделген инновациялық өндірісті дамытуға қол жеткізеді. Инновация бұл жағдайда етті мал шаруашылығын қарқынды дамуын қамтамасыз ететін күшті ынталандыру тетігі болып табылады [13].



Сурет 1 – Ет (өндіру-өңдеу-сату) кооперативтік құрылымдар аралық байланыстар сызбасы

Ескертпе: Авторлар құрастырған.

Қазіргі таңда Түркістан облысында ет және ет өнімдерін өндіретін, өңдейтін құрылымдарды құру туралы іс шаралар жүргізілуде. Бұл жобаны іске асыру үшін етті мал шаруашылығы саласындағы ет және ет өнімдерін өндіретін кәсіпорындарды өнім өндіруге және қайта өңдеуге инновациялық интеграциялық бірлескен құрылым түрінде біріктірілуі қажет.

Ол кооперациялық және интеграциялық байланысқа негізделген және өндіріс, қайта өңдеу және сату кезеңдеріне қолайлы жағдайлар жасаудың орнықты жүйесі болуы керек [14].

Қазақстанның қазіргі таңда қалыптасқан ауыл шаруашылықтары кәсіпкерлік құрылымдарының: ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, өндірістік кооперативтер, шаруа (фермер) қожалықтары, жеке кәсіпкерлер, жеке қосалқы шаруашылықтар аралық кооперациялық байланыс негізінде инновациялық өндірістік бірлестіктер (кооперативтер) құру арқылы ірі

қара мал еті мен ет өнімдерін (өндіру-өндеу-сату) барлық қызметтерді бірлесе атқаруды автор ұсынады (1-сурет) [15].

Оған мысал ретінде, ЖШС «Ордабасы құс» компаниясы өз өндірісіне өнеркәсіптік негізде интеграциялық технологияның барлық кезеңдері мен сатыларын өз құрамына ендіріп шаруашылық жүргізуін атасақ болады. Бірақ, ЖШС «Ордабасы құс» компаниясында өзінде асыл тұқымды аналық күркені алмастыруға жас шөжелерді өсіру өндірісі қарастырылмаған. Тек, шет елден сатып алып келетін импорттық жұмыртқаға толық тәуелді. Бұл айтылған екі өндірісті ЖШС «Ордабасы құс» және ЖШС «Инфрастрой ЛТД» құс шаруашылығында қалыптастыру және дамыту басымды бағыт болып саналады, ол екі өндірісті жүзеге асыру бұл құс компаниялары үшін импорттық құс жұмыртқасын сатып алуға тәуелсіз шаруашылық қызметін атқаруға алып келетіні сөзсіз.

Олар өз кәсіпорындарында жұмыртқаларды өндіруге арналған нәсілді аналық күрке құсты сатып алып өздерінің жеке өндіріс құрылымдарын құруға және өздерінің өндірісінде ересек аналық күрке құсты алмастыру мақсатында кеңейтілген қарқынды қайта өндірісті қамтамасыз ету үшін жас күрке шөжелерді өсіретін жеке «инновациялық өндіріс» құрылым құруы тиіс [16].

Кесте 2 – Түркістан облысындағы құс компанияларында қолданыстағы және ұсынылатын ішкі шаруашылық инновациялық технологиялық интеграцияны ұйымдастыру түрлері

Құс шаруашылығы құрылымдары мен компаниялары	Өндірістік үрдістің кезеңдері мен сатылары						
	Аналық құс өсіру	Инкубациялау	Шөжені аналық құс алмастыруға өсіру	+ жұмыртқа өндірісі, +* құс еті өндірісі	Ет өнімдерін өндеу	Көтерме сауда	Бөлшек сауда
1	2	3	4	5	6	7	8
Қалыптасқан және ұсынылатын ішкі инновациялық технологиялық интеграция түрлері							
ЖШС «Нарлен құс»	+	+	+	++*	+	+	+
ЖШС «Тассай құс»,	+	+	+	++*	+	+	+
ЖШС «Шымкент құс»	+	+	+	++*	+	+	+
ЖШС «Ордабасы құс»	КСИӨ	+	АЖСИӨ	++*	+	+	+
ЖШС «Инфрастрой ЛТД»	КСИӨ	+	АЖСИӨ	++*	+	+	+
Ескертпе: Авторлар құрастырған.							

2–кестеде Түркістан облысындағы құс компанияларында қолданыстағы және ұсынылатын ішкі шаруашылық технологиялық интеграцияның «өндірістік инновация» түрлерін ұйымдастыру суреттемесі бейнеленген.

ЖШС «Ордабасы құс» құс компаниясы екі стратегиялық өсу жолын: 1) КСИӨ – «кері стратегиялық интеграциялық өндіріс» негізінде – асыл тұқымды күрке құсы жұмыртқаларын өндіруге бағытталған аналық күрке құс табынын бағатын «инновациялық өндіріс» құру; 2) АЖСИӨ – «алға жүруші стратегиялық тік интеграциялық өндіріс» негізінде – кеңейтілген қайта өндірісті арқынды дамыту мақсатында аналық күрке құс табынының орнын басуға жас күрке балапанын өсіретін «инновациялық өндіріс» құру ұсынылады (Ускенов, 2018).

Түркістан облысы ЖШС «Ордабасы құс» компаниясы: ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, ет өндірісі кооперативтері, шаруа (фермер) қожалықтары, жеке кәсіпкерлер, жеке қосалқы шаруашылықтары аралық кооперациялық және интеграциялық үрдістерді келісім-шарт негізінде инновациялық қызметтерді бірлесіп атқаратын құс балапанын бағу, бордақылау бойынша

өндірістік бірлестіктер (кооперативтер) құру арқылы құс еті мен ет өнімдерін (өндіру – өңдеу – сату) өндіретін кооперативтік құрылымдары аралық байланыстар сызбасын авторлар ұсынады.

ЖШС «Ордабасы құс» компаниясынан келісім-шарт негізінде, өндірістік кооперативтер, шаруа (фермер) қожалықтары, жеке қосалқы шаруашылықтарара кооперативтер табысты жұмыс істеу үшін қажетті барлық заттарды – құс шөжелері мен аралас жем, жанылғы өнімдері мен ветеринарлық қызметтер және т.б. қызметтерді құс компаниясынан толық қамтамасыз етіледі. Сонымен бірге келісім-шарт негізінде борақылауға алған ет өндіруші кәсіпкерлік құрылымдар, күрке шөжелерін толық өсіріп, бордақылағаннан кейін, құстарды ЖШС «Ордабасы құс» компаниясына өндірістік кооперативтер арқылы (өңдеу-сатуға) қайта тапсырады (Қазақстан Президентінің 18 қазан 2021 жылғы «Жеке қосалқы шаруашылықтары қызметтері бойынша қолданыстағы заңдарға жасалған өзгерістерде», 2021). Түркістан облысындағы етті мал шаруашылығы саласындағы кәсіпкерлік құрылымдардың шаруашылық қызметтерін, бүгінгі күнге дейін олардың шаруашылықтары шағын және орта көлемде болғаннан кейін, әсіресе жеке кәсіпкерлер, жеке қосалқы шаруашылықтар мен шаруа (фермер) қожалықтары, олар өздерінің шағын көлемдегі өндірістерін, өз меншігіндегі шектеулі шағын ресурстармен өздері шаруашылық қызметтерді атқарып келді [17].

Соңғы кездерде, жоғарыдағы айтылған ет саласындағы кәсіпкерлік құрылымдарға инфрақұрылымдық қызметтерді орындаушы орта және шағын кәсіпкерлікпен шұғылданатын құрылымдардың санының жылдан-жылға артуымен, ет өндірісімен шұғылданытын құрылымдарға керекті өндірістік ресурстарды, шикізаттарды, ветеринариялық қызметтер мен дәрі-дәрмектер, озық техника мен қондырғылармен қамту қызметтерін атқаруды олар келісім-шарт арқылы жүзеге асыру, дамып келеді. Сонымен бірге, кәсіпкерлік құрылымдар әсіресе жеке қосалқы шаруашылықтар өздерінің етке өсіріліп жатқан малын, тұрғылықты елді мекендегі отбасы немесе жеке қосалқы шаруашылықтар мен жеке кәсіпкерлер жиылып, етке малды өзара келісім жасап бірлесіп өсіруді, бордақылауды қолға алған [18].

Мысалы, Түркістан облысы, Сайрам ауданына қарасты Қарамұрт елді мекенінде ет өндірісімен шұғылданытын отбасы немесе жеке қосалқы шаруашылықтар мен шаруа (фермер) қожалықтары етке бағылатын қарамалдарын жиып, 300–400 бас қарамалды етке бағатын шағын кооператив ұйымға, сәуір айынан бастап қазан айына дейін 6–7 ай, елді мекеннен тыс, тау бауырайындағы жайлауда (Машат аумағында) бағуды ұйымдастырған. Бағылатын қарамалдың әр-бір басына, әр айда 5000 теңге төленуі келісілген. Егер, бағылып жатқан қарамал иесіне малын сою немесе сату қажет болып қалған жағдайда, онда олар қалаған кезде малын алып кетуіне құқылы, қажет болса қалаған кезде басқа малдарды да, алып келіп қосып қойуына рұқсат [19]. Жиылған қарамалды бағып жүрген 3 жұмысшы (малшы), әр басқа төленетін келісілген жоғарыдағы есептік бағамен, әр айда жиналатын 1500–2000 мың теңгелік табысты: еңбек ақысына, мал бағуға жалданған жердің арендасына және т.б. бөліп, малды етке өсіруді, бордақылауды жүзеге асырған. Малды, елді мекеннен тыс сыртта етке бағудың бұл түрін, кооперация байланысы негізінде бірлесіп малды етке бағуды, бордақылауды ұйымдастырған «кооперативтік қызметтің» ең бір қарапайым түрі деп атасақ да болады.

Ет шаруашылығы саласындағы кейбір кәсіпкерлік құрылымдардың қызметтері кооперация негізінде байланысты құрып, жеке тұрғындар шаруашылықтары мен шаруа (фермер) қожалықтарының малдарына жем жеткізіп беруді, етке бағылатын малды сатып алуды, шағын және орта шаруашылықтар мен жеке отбасы қожалықтары өндірген өнімдерді жию, сатуды ұйымдастырып және т.б. инфрақұрылымдық қызметтерді атқаруды жүзеге асырып жатқандары анықталды [20].

Түркістан облысы аумағындағы ауыл шаруашылығына қарасты шаруашылық құрылымдардың саны 2022 ж. 84135 бірлікті құрды, оның ішінде жеке кәсіпкерлер мен шаруа (фермер) қожалықтары 74485 бірлік, жалпы 2019 жылмен салыстырғанда құрылымдардың саны 2,9%, жеке кәсіпкерлер мен шаруа (фермер) қожалықтары саны үш жылдың ішінде 10,1% қысқарғанын 3-кестедегі көрсеткіштерді талдаудан байқаймыз [21, б. 172–175].

Түркістан облысындағы ауыл шаруашылығы саласында кәсіпкерлік құрылымдардың саны 2019–2022 жж. ішінде өсу қарқыны 4,5%-ға өскенімен, жеке қосалқы шаруашылықтары құрылымдары 1661 бірлікке артты, дегенмен басқа шаруашылық санаттары салыстырып талдап жатқан төрт жылдың ішінде қысқарғанын кестеден байқалады. Облыстағы жеке қосалқы шаруа-

шылықтардың саны жылдан-жылға артып келеді 2022 ж. 257,1 мың бірлікке жетті, немесе үш жыл ішінде, 0,7% өскенін байқаймыз.

Түркістан облысы бойынша соңғы үш жылдың ішінде, 2019 жылдан бастап 2022 жылға дейін, ауыл шаруашылығы жалпы өнімі 171,4 пайызға көбейгенін, соның ішінде мал шаруашылығы жалпы өнімі көлемі 130,9 млрд тг. өскенін 19 кестені талдау барысында байқаймыз. 2019 ж. облыстың жалпы ауыл шаруашылығы өніміндегі мал шаруашылығының жалпы өнімінің үлесі 43,9% құрағанын, 2022 жылға келе, бұл үлес 38,0% төмендегенін, яғни төрт жылдың ішінде 5,2%-ға төмендеп кеткені 3-кестеден көрінеді.

Кесте 3 – Түркістан облысы ауыл шаруашылығы санаттарындағы құрылымдар саны серпіні мен мал шаруашылығының жалпы өнімдегі үлесі, %.

Көрсеткіштер	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.	2022 ж. 2019 ж.,%
Ауыл шаруашылығы құрылымдарының саны, бірлік	86618	86349	84149	84135	97,1
соның ішінде:					
Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары	3784	3911	3979	3956	104,5
Жеке кәсіпкерлер, шаруа (фермер)					
қожалықтары	82804	82438	80170	74485	89,9
Жеке тұрғындар шаруашылықтары	255449	257063	256831	257110	100,7
Ауыл шаруашылығы жалпы өнімі, млрд. теңге	616,8	750,3	936,7	1057,8	171,4
соның ішінде:					
Мал шаруашылығы жалпы өнімі, млрд. тг.	270,8	304,7	362,2	401,7	148,3
Мал шаруашылығының жалпы ауыл шаруашылығындағы үлесі, %	43,9	40,6	38,7	38,0	86,5
Ескертпе: Авторлармен [21] дереккөз негізінде құрастырылған.					

Талдау барысында, облыстағы ауыл шаруашылығындағы барлық кәсіпкерлік құрылымдардың өндірген жалпы өнімі көлемінің серпінін талдау зерттеліп жатқан 2019–2022 жж. төрт жылдың ішінде жалпы өнім көлемі 71,5%-ға артқанын, соның ішінде мал шаруашылығы жалпы өнімі көлемі 48,3%-ға өскені байқалады. Түркістан облысындағы мал шаруашылығы саласындағы кәсіпкерлік құрылымдардың санаттар бойынша кәсіпкерлік құрылымдардың өндірген жалпы өнім көлеміндегі үлесі бойынша, ауыл шаруашылығы кәсіпорындары 2022 ж. үлесі 9,5%-ды құрады, жеке кәсіпкерлер және шаруа (фермер) қожалықтарының үлесі 3,3%-ды, жеке тұрғындар шаруашылығы үлесі 87,2%-ды құрады. Бұдан байқайтынымыз, облыс деңгейінде мал шаруашылығында өнділетін өнімдердің ең көп үлесін жеке тұрғындар шаруашылықтар құрайды, бірақ оған қарамастан жеке тұрғындар шаруашылықтарына мемлекет тараптан, немесе жергілікті басқару мекемелері жақтан ешбір қолдау немесе жәрдем көрсетілмей жатқаны анықталды.

Облыстағы кәсіпкерлік құрылымдардың, соның ішінде, жеке қосалқы шаруашылықтар мен шаруа (фермер) қожалықтары, ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен жеке кәсіпкерлер және т.б. құрылымдардың өздерінің өндірісінде өндірген өнімдері мен қызметтерінің жалпы өндіріс көлемі, олардың шаруашылық қызметтерінің тиімділік деңгейі, сол кәсіпкерлік құрылымдардың қазіргі нарық талаптарына сай өздерінің ішінде шаруашылықты жаңа инновациялық ұйымдастыру және инновациялық басқару тетіктері мен тәсілдерін қолданысқа ендірулеріне тікелей байланысты (4-кесте).

Қазіргі таңда, облыстың ауыл шаруашылығындағы инфрақұрылымдық қызметтерді жүргізіп отырған кәсіпкерлік құрылымдардың санының аздығынан, ауылшаруашылық саласында өндірілетін ет өнімдерін терең өңдеу, тоңазытқыштарда сақтау, тасмалдау, өткізу мен сату қызметтерін атқаруды ұйымдастыру жолға қойылмаған. Әр бір ет өндіруші кәсіпорындар мен кәсіпкерлік құрылымдар өз бетінше өндірген еттерін шикізат күйінде арзан бағада делдалшы сатып алушы-сатушыға өткізуде, олар ол шикі-етті ешбір сертификатсыз қала базарында, қарапайым алды-сатты тәсілмен тұрғындарға сертификатсыз сатылуда. Облыс ішіндегі ет

шаруашылықтарындағы кәсіпкерлік құрылымдардың өндірген шикі-еттерін өңдеу, сақтау, өткізу, сату мәселесін шешу толық қамтамасыз етілмегені көрінеді [29].

Кесте 4 – Түркістан облысы ауыл шаруашылық кәсіпкерлік құрылымдары өндірген өнімдері мен қызметтерінің жалпы өнімі серпіні, млн теңге

Ауыл шаруашылығы санаттары, құрылымдары	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж. млн тг.	2022 ж.		2022 ж. 2019 ж. %-бен
				%		
1. Ауыл, орман шаруашылығы өнімдері мен қызметтерінің жалпы өнімі	616816	750332	936734	1057805	100	171,5
Соның ішінде						
Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары	63713	85997	97161	114438	10,8	179,6
Жеке кәсіпкерлер және шаруа (фермер) қожалықтары	231065	291807	388547	447597	42,3	193,7
Жеке қосалқы шаруашылықтар	322057	372527	451026	495769	46,9	153,9
2. Мал шаруашылығының жалпы өнімі	270878	304785	362230	401717	100	148,3
Соның ішінде						
Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары	24067	30490	40086	38547	9,5	160,1
Жеке кәсіпкерлер және шаруа (фермер) қожалықтары	8 718	9 927	11 424	12939	3,3	148,4
Жеке қосалқы шаруашылықтар	238 093	264 367	310 719	350230	87,2	147,1
Ескертпе: Авторлармен [21] дереккөз негізінде құрастырылған.						

Түркістан облысы ауыл шаруашылығы санаттарында мал мен құстың шаруашылықта сойылған және сойысқа өткізілгені (тірідей салмақта) көлемі бойынша серпінін талдау 5-кесте мәліметтерінде көрсетілген, 2022 жылғы мәліметтерге сай, ел ішінде жалпы өндірілген сойысқа өткізілген (тірідей және сойыс салмақта), мал мен құс еті сәйкесінше 14,4 және 14,5% ауыл шаруашылық кәсіпорындарында үлесінде, 4,7 және 4,8% жеке кәсіпкер, шаруа (фермер) қожалықтарында, ал қалған 79,2 және 80,7% жеке қосалқы шаруашылықтары үлесінде екені анықталды. Яғни, облыстағы өндірілетін жалпы мал мен құстың шаруашылықта сойылған және сойысқа өткізілгені (сойыс салмақта) көлемінің, ең үлкен көлемі ірі қара мал үлесінде 49,7%, қой мен ешкі және жылқы үлесінде сәйкесінше 28,4, 14,0% құрағаны, құс еті 6,7% құрағанын 5-кесте мәліметтерін талдаудан байқаймыз.

Кесте 5 – Түркістан облысы шаруашылық санаттарында сойылған және сойысқа өткізілген (тірідей және сойыс салмақта), мал мен құс еті, тонна

Көрсеткіштер	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.		2022ж. 2019 ж., %
				тн.	%	
Шаруашылықтың барлық санаттарында						
Мал мен құстың шаруашылықта сойылған және сойысқа өткізілген (тірідей салмақта), тонна	230095	239890	249965	246394	100	107,1
Мал мен құстың шаруашылықта сойылған және сойысқа өткізілген (сойыс салмақта), тонна	124303	128442	132911	131032	100	105,4
Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары						
Мал мен құстың шаруашылықта сойылған және сойысқа өткізілгені (тірідейсалмақта), тонна	31793	36186	40867	35627	14,5	112,1
Мал мен құстың шаруашылықта сойылған және сойысқа өткізілгені (сойыс салмақта), тонна	20044	21861	24301	18885	14,4	94,2

5-кестенің жалғасы

Жеке кәсіпкерлер және шаруа қожалықтары						
Мал мен құстың шаруашылықта сойылған және сойысқа өткізілгені (тірідей салмақта), тонна	10416	11332	11705	11941	4,8	114,6
Мал мен құстың шаруашылықта сойылған және сойысқа өткізілгені (сойыс салмақта), тонна	5523	6039	6105	6233	4,7	112,8
Жеке қосалқы шаруашылықтары						
Мал мен құстың шаруашылықта сойылған және сойысқа өткізілгені (тірідейсалмақта), тонна	187886	192372	197392	198826	80,7	105,8
Мал мен құстың шаруашылықта сойылған және сойысқа өткізілгені (сойыс салмақта), тонна	98736	100543	102505	103763	79,2	105,1
Ескертпе: Авторлармен [21] дереккөз негізінде құрастырылған.						

Түркістан облысы және оның аудандарында мал мен құстың сойылғаны және союға өткізілгені (тірідей салмақта), 2019–2022 жж. орташа мәнін талдау барысында Ордабасы ауданы, Қазғұрт ауданы, Төлеби аудандарында сол аудандарда өндірілген ет және ет өнімдерінің сәйкесінше, 58,5, 47,3, 29,8%-ын ірі ауыл шаруашылығы кәсіпкерлік құрылымдары үлесінде екендігі анық болды, оған себеп бұл аудандарда ірі-ірі ЖШС «Ордабасы құс» күрке етін өндіретін компания, ЖШС «Инфрастрой ЛТД» бройлер етін өндіруші компаниясы және ЖШС «Нарлен» ет өндіру және өңдеу компаниясы шаруашылық қызметтерін атқарудың арқасында жүзеге асуда (6-кесте). Негізінен облыстағы көп ауылдық аудандарда өндірілетін жалпы ет және ет өнімдерінің негізгі бөлегін жеке тұрғындар шаруашылықтары өндіруде: Мақтаарал ауданында жеке тұрғындар шаруашылықтардың үлесі 99,8%, Жетісай ауданы 98,7%, Сайрам ауданы 84,6% және т.б.

Кесте 6 – Түркістан облысы және аудандарда 2019–2022 жж. ет шаруашылықтарында сойылған немесе союға жөнелтілген (тірідей салмақта) ет көлемі мен санаттар арасындағы құрылымдық үлесі, тонна

Аудандар мен қалалар	Шаруашылықтың барлық санаттары		Соның ішінде					
			ауылшаруашылық кәсіпорындары		жеке кәсіпкерлер және шаруа (фермер) қожалықтары		жеке қосалқы шаруашылықтары	
Түркістан облысы	244926	100	38526	15,7	11500	4,6	194900	79,5
Түркістан қ.	1150	100	-	-	-	-	1150	100
Арыс қ.э.	8150	100	409	5,0	94	1,2	7647	93,8
Кентау қ.э.	2580	100	-	-	112	4,3	2468	95,7
Бөйдібек ауданы	10750	100	292	2,7	1120	10,4	9338	86,9
Жетісай	9550	100	20	0,2	100	1,1	9430	98,7
Келес	15560	100	6	0,01	575	3,7	14979	96,3
Қазығұрт	27700	100	13100	47,3	645	2,3	13955	50,4
Мақтаарал	6645	100	-	-	14	0,2	6631	99,8
Ордабасы	23254	100	13600	58,5	695	3,0	8959	38,5
Отырар	9730	100	563	5,8	1240	12,7	7927	81,5
Сайрам	40120	100	3410	8,5	2775	6,9	33935	84,6
Сарыағаш	16670	100	182	1,1	193	1,2	16295	97,7
Сауран	14412	100	97	0,7	1150	8,0	13165	91,3
Созақ	12900	100	92	0,7	1005	7,8	11803	91,5
Төлеби	21750	100	6500	29,8	409	1,9	14841	68,3
Түлкібас	17428	100	62	0,4	495	2,8	16871	96,8
Шардара	6577	100	193	2,9	878	13,3	5506	83,8
Ескертпе: Авторлармен [21] дереккөз негізінде құрастырылған.								

Түркістан облысы ел ішіндегі ең ірі облыс болғаннан кейін, бұл облыстың аудандарында негізінен ел ішінде ең көп жеке қосалқы шаруашылықтар, шаруа (фермер) қожалықтары және жеке кәсіпкерлер және т.б. болуының себебінен олардың қолдағы бар жер телімдерінің көлемі ең төмен және озық техника мен технологияларды аз көлемдегі жер телімінде жұмыс істетуінің өзі қиынға соғады, сондықтан, шағын және майда шаруашылықтардың көп болуы облыстағы ет шаруашылығын қарқынды дамуына кері әсерін тигізуде [30].

Егер, ірі ет және ет өнімдерін өндіруші кәсіпорындар мен компаниялар өз өнімдерін сатуда қиналса, майда және шағын ет және ет өнімдерін өндірушілер өз өнімдерін өткізу және сатуда көп қиыншылық көруде. Шаруашылықта өндірген ет және ет өнімдерін нарықта өткізу және сату майда және шағын құрылымдар үшін үлкен мәселе туындатуда, оған соңғы кездері жанар-жағармай бағасының өсуінен көлік шығындарының артуы тағы да мәселені шиеленістірді.

Кесте 7 – Түркістан облысында қой мен ешкінің қолда бары бойынша жеке кәсіпкерлерді есепке ала, шаруа (фермер) қожалықтарының топтамасы

Көрсеткіштер	Барлығы	Одан				
		10 басқа дейін	11-ден 50 басқа дейін	51-ден 100 басқа дейін	101-ден 500 басқа дейін	500 бастан жоғары
Қазақстан Республикасы						
Қой мен ешкі бар шаруа (фермер) қожалықтарының саны, бірлік	26 538	1 569	7 718	4 079	8 346	4 826
Қой мен ешкінің жалпы саны, мың бас	8845,8	11,5	235,6	318,0	2 187,0	6 093,5
Түркістан облысы						
Қой мен ешкі бар шаруа (фермер) қожалықтарының саны, бірлік	1 525	16	148	135	515	711
Қой мен ешкінің жалпы саны, мың бас	1237,5	0,2	5,2	10,5	151,2	1070,4
Ескертпе: Авторлармен [21] дереккөз негізінде құрастырылған.						

7-кестеде Қазақстан мен Түркістан облысында қой мен ешкінің қолда бары бойынша жеке кәсіпкерлерді есепке ала отырып, шаруа (фермер) қожалықтарының топтамасы көретілген, мұнда, елдегі 8845,8 мың бас қой мен ешкінің 26,5 мың шаруа (фермер) қожалығында болғаны, оның, 10 бас қой мен ешкісі бар 1569 шағын шаруа (фермер) қожалықтары қолында, 11-ден 50 басқа дейін 7718 орта шаруа (фермер) қожалықтарында, ал 500 бастан астам қой мен ешкісі бар ірі шаруа (фермер) қожалықтары тек 4826 бірлік болғаны анықталды. Түркістан облысында 500 бастан жоғары қой мен ешкісі бар ірі шаруа (фермер) қожалықтарының саны 18 бірлікті құрады.

Әлемдегі дамыған елдер ет өндірісі саласының тәжірибесінде ет өдіру және шикі-етті өндеу сақтау, сату тек кооперативтік құрылымдарды шаруашылықтар мен фермер қожалықтары ара кооперативтік үрдіс негізінде келісіммен ұйымдастырылып құрылады. Бір фермер қожалығы бір немесе бірнеше кооперативтік құрылымға әр түрдегі өндірістік қызметтерді атқару бойынша (ет, техникалық қызметтер және т.б.) қатысушы-мүше болып кіруі мүмкін.

8-кестеде келтірілген мәліметтерге сәйкес, Қазақстан және Түркістан облысында 2019–2022 жж. аралығында өндірілген ет және ет өнімдерінің көлемі мен құндық көрсеткіштері серпінін талдау барысында ет шаруашылығы кәсіпкерлік құрылымдарында инновациялық жетістіктерді қолдана отырып, ел ішінде жалпы өндірілген ет және тағамдық қосымша өнімдер көлемі соңғы төрт жылдың 2019–2022 жж. ішінде 15,5 пайызға артты немесе 47186 т артық өндірілді, Түркістан облысында бұл көрсеткіштің салыстырып жатқан жылдары 2,6 пайызға өскенін және облыстағы өндірілген ет және тағамдық қосымша өнімдер жалпы ел ішіндегі көлеміндегі үлесі 3,83%-дан 3,4%-ға жеткенін байқаймыз.

Кесте 8 – Қазақстан және Түркістан облысында 2019–2022 жж. аралығында өндірілген ет және ет өнімдерінің көлемі мен құндық көрсеткіштері серпіні

Көрсеткіштер	Жылдар					2022ж. 2019ж. (+,-)
	2019	2020	2021	2022		
Ет және тағамдық қосымша өнімдер, тонна	Қазақстан	303767	295421	339009	350953	47186
	Түркістан облысы	11652	9200	13983	11956	304
Қазақстандағы жалпы ет және тағамдық қосымша өнімдерінде Түркістан облысының үлесі,	%-бен	3,83	3,11	4,12	3,4	-0,43
Шұшық және ысталған ет өнімдері, барлығы, тонна	Қазақстан	55983	62335	63299	66711	10728
	Түркістан облысы	4314	5759	7874	8575	4261
Қазақстандағы жалпы шұшық және ысталған ет өнімдерінде Түркістан облысының үлесі,	%-бен	7,41	9,23	12,44	12,8	5,39
Етті қайта өңдеу және консервілеу және ет өнімдерін өндіру құны, млрд.тг	Қазақстан	296,8	308,5	391,0	486,1	189,3
	Түркістан облысы	12,6	13,8	24,6	31,4	18,8
Қазақстандағы жалпы етті қайта өңдеу және консервілеу, ет өнімдерін өндіру құнында Түркістан облысының үлесі,	%-бен	4,26	4,49	6,30	6,4	2,14

Ескертпе: Авторлармен [21] дереккөз негізінде құрастырылған.

Қазақстан және Түркістан облысында салыстырып жатқан жылдары шұшық және ысталған ет өнімдерінің көлемі төрт жылдың ішінде 19,1 пайызға артты немесе 10728 т артық өндірілді, Түркістан облысында бұл көрсеткіш 2022 ж. 82,5 пайызға өскенін және жалпы ел ішіндегі көлеміндегі облыстың үлесі 12,8%-ға жеткенін немесе 2019 ж. салыстырғанда 5,39%-ға артқанын көреміз.

Ел ішінде етті қайта өңдеу және консервілеу және ет өнімдерін өндіру құны, млрд.тг 2019–2022 жж. аралығында 296,8 млрд тенгеден 486,1 млрд тенгеге жетті, немесе 189,3 млрд тг. артық өндірілді. Сонымен бірге, Түркістан облысында етті қайта өңдеу және консервілеу және ет өнімдерін өндіру құны төрт жылдың ішінде 49,2%-ға немесе 18,8 млрд тг. артқанын байқаймыз. Ел ішіндегі Түркістан облысының етті қайта өңдеу және консервілеу және ет өнімдерін өндіру құнының 2022 жылғы үлесі 6,4%-ы құрады ол 2019 ж. салыстырғанда 2,14 пайызға өскені көрінеді.

Бүгінгі таңда инновациялық ғылыми-ізденістер мен әзірлемелерді ет және ет өнімдерін өндіруге ендіру нәтижесінде озық технологияларды қолданысқа ендіру мал мен құс шаруашылықтарының өнімділігін арттыруға мүмкіндік туғызады. Мысалы, ет бағытындағы ірі қара мал шаруашылықтарында, қара мал бордақылауда, немесе, етті құс шаруашылығы мен бройлерді етке өсіру кәсіпкерлік құрылымдарда қарқынды инновациялық технологияларды қолдану, әдетте, ауыл шаруашылық ет бағытындағы құс компанияларда құстың әр бір басына бір күндік салмағының өсуі 45–50 гр. өнімділіктің деңгейі, дәстүрлі құс шаруашылықтарына қарағанда 2–3 есе жоғары екені анықталды.

Қорытынды

Зерттеу кезінде ел ішіндегі құс шаруашылығы құрылымдарында құс еті мен ет өнімдерінің өндірістік үрдіс кезеңдері бойынша ішкі технологиялық интеграциялық байланыстары негізінде инновациялық ұйымдар мен өндірістерді құруда ұйымдастырушылық түрлерін дамытудың

шетелдік тәжірибелері зерттеліп отандық инновациялық құс өндірістерін құруда қолданысқа ендірілді.

Қорыта келгенде, Түркістан облысының етті мал және құс шаруашылықтары мен компанияларда олардың өндірістік тәжірибесінде қолданыс тапқан инновациялық кооперациялық байланыстар зерттелініп олардың ұтымды байланыс нұсқалары ұсынылды, ғылыми зерттеу нәтижесінде өз шаруашылықтарында алдын қолданыста болмаған жаңа «инновациялық өндіріс» технологиялық сатылары мен кезеңдеріне сәйкес ұйым ішінде жаңадан инновациялық өндірістер құрылғаны, қолданыс тапқаны анықталды.

«Ордабасы құс» нәсілді жұмыртқалар өндіруге арналған аналық құс табын сатып алып және оны өсіру үшін «инновациялық өндірісті» құруға, сондай-ақ өзінде ұлғаймалы қайта өндірістің қалыпты қарқынын қамтамасыз ету үшін аналық құс табын алмастыруға жас төлді өсірумен айналысатын «инновациялық өндіріс» құрылымын құру ұсынылады.

Қолданыстағы инновациялық жаңалықтар, біріншіден, құс етін өндіретін кәсіпкерлік құрылымдардың сапалы құрылымдық өзгеруіне, қарқынды экономикалық өсуіне, екіншіден, құрылымдар мен тұтастай ет өндірісі саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, ұйымдағы ет және ет өнімдерін халықаралық стандарттарға сай, тұтынушыларға ет өнімдері ассортиментін кеңейтуді қолға алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Қ-Ж.Тоқаев. Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам: Қазақстан халқына жолдауы. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K22002022_2. 25.10.2023.
- 2 Қазақстан Президенті Қ-Ж.Тоқаев. Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары: Қазақстан халқына жолдауы. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K23002023_1.25.10.2023.
- 3 Куклина И.Р., Ютанов Н.Ю. Форсайт как инструмент управления будущим // Наука. Инновации. Образование: альманах. – М.: Знак, 2008. – Вып. 5. – С. 79–90.
- 4 Тотьмянина С.И. Форсайт научно-технологического развития региона (на примере Владимирской области): автореф. канд. экон. Наук. – М., 2012. – 23 с.
- 5 Прудский В.Г., Ощепков А.М. Форсайт как основа стратегии социально-экономического развития региона // Вестник Пермского государственного университета. – 2012. – № 3. – С. 22–26.
- 6 Семенова Н.Н. Форсайт в условиях глобализации // Наука. Инновации. Образование: альманах. – М., 2008. – Вып. 5. – С. 25–43.
- 7 Кузьминов Я.И. Перспективы форсайта в России безграничны // Форсайт. – 2007. – Т. 1. – № 1. – С. 26–29.
- 8 Соколов А.В. Форсайт: взгляд в будущее // Форсайт. – 2007. – № 1. – С. 8–15.
- 9 Малиновская О.В., Скобелева И.П. Форсайт как технология стратегического планирования и управления // Дайджест-финансы. – 2014. – Т. 4. – № 232. – С. 44–55.
- 10 Чайников В.Н. Концептуальная модель управления стратегической конкурентоспособностью предприятия // Вестник Чувашского университета. – 2011. – № 2. – С. 498–501.
- 11 Крюков С.В. Форсайт: от прогноза к формированию будущего // Terra Economicus. – 2010. – Т. 8. – № 3. – С. 7–17.
- 12 Куклина И. Форсайт как инструмент активного исследования и формирования будущего // Российское экспертное обозрение. – 2007. – № 3. – С. 49–53.
- 13 Воронов Ю.П. Форсайт как инструмент // Научный эксперт. – 2010. – № 3. – С. 37–53.
- 14 Глухов В., Шепинин В., Любек Ю., Бабкин И., Каримов Д. Мұнай-Газ аймақтарындағы инфрақұрылымның дамуына қызметтер мен цифрландыру деңгейінің әсерін бағалау халықаралық технологиялар журналы. – 2023. – 14(8). – 1810–1820 бб.
- 15 Мұхамедханова А., Сейдахметов М., Тулеметова А., Нурсой М. Scientific Horizons. – 2024. – № 27(4). – С. 189–198. URL: <https://doi.org/10.48077/scihor4.2024.189>
- 16 Мамраева А. Инновацияларды коммерцияландыру процесін зерттеудің теориялық аспектілері // Қарағанды университетінің экономика сериясының хабаршысы. – 2020. – № 100(4). – 79–92. URL: <http://dx.doi.org/10.31489/2020ec4/79-92>
- 17 Ахметова Г.Т., Жұмабекова А.Т., Жамбылова Г.Ж. ҚР ауыл шаруашылығындағы инновациялардың ерекшеліктері // Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар сериясы. – 2019. – № 2(324). URL: <http://dx.doi.org/10.32014/2019.2224-5294.80>

18 Саяқбаева А.А., Әшімбаев Т.А. Ресей мен Қазақстанның қаржы нарығына инновацияларды енгізу тәжірибесі // Орталық Азия елдерінің бухгалтерлері мен аудиторларының ыстықкөл форумының материалдары. –2019. – № 1(24). – 171–180 б.

19 Мұхамедханова А., Елікбай М. Rivista di studi sulla sostenibilita // The role of innovation in sustainable development and improving the competitiveness of business structures in Kazakhstan. 2023, no. 1, p. 139–151.

20 Әлжанова Ф.Г., Днишев Ф.М. Қазақстан мен Еуразиялық Экономикалық Одақ елдеріндегі модернизация және құрылымдық өзгерістер мәселелері // Зияткерлік инновацияларға инвестициялар. – 2019. – № 3. – 8–10 б. URL: <http://dx.doi.org/10.25198/2077-7175-2019-3-10>

21 Түркістан обласы және оның аймақтары: 2014–2022 гг. URL: <https://stat.gov.kz/ru/region/turkestan/>

REFERENCES

1 Qazaqstan Respublikasynyñ Prezidenti Q-J.Toqayev. Ädiletli memleket. Birtütas ült. Berekeli qoғam: Qazaqstan halqyna joldauy. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K22002022_2. 25.10.2023. (In Kazakh).

2 Qazaqstan Prezidenti Q-J.Toqayev. Ädiletli Qazaqstannyñ ekonomikalıq baғdary: Qazaqstan halqyna joldauy. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K23002023_1. 25.10.2023. (In Kazakh).

3 Kuklina I.R., Jutanov N.Ju. (2008) Forsajt kak instrument upravlenija budushhim // Nauka. Innovacii. Obrazovanie: al'manah. – M.: Znak. V. 5. P. 79–90. (In Russian).

4 Tot'mjanina S.I. (2012) Forsajt nauchno-tehnologicheskogo razvitija regiona (na primere Vladimirskoj oblasti): avtoref. kand. jekon. Nauk. M., 23 p. (In Russian).

5 Prudskij V.G., Oshhepkov A.M. (2012) Forsajt kak osnova strategii social'no-jekonomicheskogo razvitija regiona // Vestnik Permskogo gosudarstvennogo universiteta. No. 3. P. 22–26. (In Russian).

6 Semenova N.N. (2008) Forsajt v uslovijah globalizacii // Nauka. Innovacii. Obrazovanie: al'manah. M., V. 5. – P. 25–43. (In Russian).

7 Kuz'minov Ja.I. (2007) Perspektivy forsajta v Rossii bezgranichny // Forsajt. V. 1. No. 1. P. 26–29.

8 Sokolov A.V. (2007) Forsajt: vzgljad v budushhee // Forsajt. No. 1. P. 8–15. (In Russian).

9 Malinovskaja O.V., Skobeleva I.P. (2014) Forsajt kak tehnologija strategicheskogo planirovanija i upravlenija // Dajdzhest-finansy. V. 4. No. 232. P. 44–55. (In Russian).

10 Chajnikov V.N. (2011) Konceptual'naja model' upravlenija strategicheskoy konkurentosposobnost'ju predpriyatija // Vestnik Chuvashskogo universiteta. No. 2. P. 498–501. (In Russian).

11 Krjukov C.B. (2010) Forsajt: ot prognoza k formirovaniju budushhego // Terra Economicus. T. 8. No. 3. P. 7–17. (In Russian).

12 Kuklina I. (2007) Forsajt kak instrument aktivnogo issledovanija i formirovanija budushhego // Rossijskoe jekspertnoe obozrenie. No. 3. P. 49–53. (In Russian).

13 Voronov Ju.P. (2010) Forsajt kak instrument // Nauchnyj jekspert. No. 3. P. 37–53. (In Russian).

14 Gluhov V., Şepinin V., Lübek İ., Babkin İ., Karimov D. (2023) Mūnai-Gaz aimaqtaryndaғы infraqurylymnyñ damuyna qyzmetter men sifrlandyru deñgeiniñ äserin baғalau halyqaralyq tehnologialar jurnaly. 14(8). 1810–1820 pp. (In Kazakh).

15 Mұхамедханова А., Сейдахметов М., Түлеметова А., Нурсой М. (2024) Scientific Horizons. No. 27(4). P. 189–198. URL: <https://doi.org/10.48077/scihor4.2024.189>. (In English).

16 Mamraeva A. (2020) İnnovasiyalardy komersialandyru prosesin zertteudiñ teorıalyq aspektleri // Qaraғandy universitetiniñ ekonomika seriasynyñ habarşysy. No. 100(4). 79–92. URL: <http://dx.doi.org/10.31489/2020ec4/79-92>. (In Kazakh).

17 Ahmetova G.T., Jūmabekova A.T., Jambylova G.J. (2019) QR auyl şaruaşylyғыndaғы innovasiialardyñ erekşelikteri // Äleumettik jāne gumanitarlyq ғылымдар seriasy. No. 2(324). URL: <http://dx.doi.org/10.32014/2019.2224-5294.80>. (In Kazakh).

18 Saiyaqbaeva A.A., Aşımбаев Т.А. (2019) Resei men Qazaqstannyñ qarjy naryғыna innovasiialardy engіzu tәjiribesі // Ortalyq Azia elderiniñ buhgalterleri men auditorlarynyñ ystyqköl forumynyñ materialdary. No. 1(24). 171–180 p. (In Kazakh).

19 Mұхамедханова А., Елікбай М. (2023) Rivista di studi sulla sostenibilita // The role of innovation in sustainable development and improving the competitiveness of business structures in Kazakhstan, no. 1, p. 139–151. (In English).

20 Äljanova F.G., Dnişev F.M. (2019) Qazaqstan men Eurazialyq Ekonomikalıq Odaq elderindegi modernizacia jāne qurylymdyq özgerister мәseleleri // Ziatkerlik innovasiialarға investisialar. No. 3. – 8–10 p. URL: <http://dx.doi.org/10.25198/2077-7175-2019-3-10>. (In Kazakh).

21 Türkıstan oblasıy jāne onyñ aimaqtary: 2014–2022 gg. URL: <https://stat.gov.kz/ru/region/turkestan/>. (In Kazakh).

КУАТБЕКОВА Р.Н.,¹

докторант.

e-mail: kuatbekova_91@mail.ru

ORCID ID: 0009-0005-9584-5800

МУХАМЕДХАНОВА А.Б.,^{1*}

PhD, старший преподаватель.

*e-mail: dia-2808@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-2685-6125

КАРИМОВ Д.М.,²

к.э.н., доцент.

e-mail: karimov.diyor65@gmail.com

ORCID ID: 0000-0002-6050-1806

СЕЙТОВА В.Н.,¹

PhD, старший преподаватель.

e-mail: Vilena_11@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-4404-4916

¹Южно-Казахстанский университет им. Ауэзова,

г. Шымкент, Казахстан

²Национальный университет Узбекистана

имени Мирзо Улугбека,

г. Ташкент, Узбекистан

ПОВЫШЕНИЕ СТРАТЕГИЧЕСКОЙ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКИХ СТРУКТУР В МЯСНОМ ПРОИЗВОДСТВЕ

Аннотация

В статье проведен анализ инновационной деятельности по повышению конкурентоспособности предпринимательских структур мясного направления в Казахстане. Производство новых инновационных продуктов на основе инновационной кооперации и технологического интеграционного объединения предпринимательских структур в мясном производстве, осуществляющих инновационную деятельность по повышению стратегической конкурентоспособности предпринимательских структур на будущее, повышает объем, качество и эффективность производства. Установлено, что компания ТОО «Ордабасы кус» является первым инновационным предприятием в Казахстане, применяющим новый подход к организации и управлению, ориентированный на инновации, основанный на постоянном поиске новых идей и возможностей. В этой предпринимательской структуре удалось повысить конкурентоспособность продукции и предприятия за счет выпуска новых продуктов, расширения ассортимента продукции, улучшения качества продукции, определения канала сбыта, снижения себестоимости на основе внедрения десятков новых производственных, трендовых, продуктовых и маркетинговых инноваций. Совместное выполнение функций предпринимательских структур в мясном производстве Казахстана: сельскохозяйственных предприятий, производственных кооперативов, крестьянских (фермерских) хозяйств, индивидуальных предпринимателей, личных подсобных хозяйств на основе создания инновационных производственных объединений (кооперативов) на основе кооперационных связей предлагают авторы. Птицеводческая компания ТОО «Ордабасы кус» проводит два стратегических направления роста: 1) КСИП: создание «инновационного производства» на основе «обратного стратегического интеграционного производства» – поголовья маточного стада, ориентированного на производство племенных птичьих яиц; 2) АЗИП: на основе «наступающего стратегического вертикального интеграционного производства» предлагается создать «инновационное производство» по выращиванию молодняка кур на замену стада маточного поголовья.

Ключевые слова: стратегическая конкурентоспособность, инновации, птицеводство, предпринимательские структуры, кооперация, мясное производство, инновационные продукты.

KUATBEKOVA R.N.,¹

PhD student.

e-mail: kuatbekova_91@mail.ru

ORCID ID:0009-0005-9584-5800

MUKHAMEDKHANOVA A.B.,*¹

PhD, senior lecturer.

e-mail: dia-2808@mail.ru

ORCID ID:0000-0003-2685-6125

KARIMOV D.M.,²

PhD, associate professor.

e-mail: karimov.diyor65@gmail.com

ORCID ID: 0000-0002-6050-1806

SEITOVA V.N.,¹

PhD., senior lecturer.

e-mail: Vilena_11@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-4404-4916

¹Auezov South Kazakhstan University,

Shymkent, Kazakhstan

²National University of Uzbekistan

named after Mirzo Ulugbek,

Tashkent, Uzbekistan

IMPROVING THE STRATEGIC COMPETITIVENESS OF ENTREPRENEURIAL STRUCTURES IN MEAT PRODUCTION

Abstract

The article analyzes the innovative activities introduced into their production to increase the competitiveness of meat business structures in Kazakhstan. The production of new innovative products based on innovative cooperation and technological integration of entrepreneurial structures in meat production, increases the volume, quality and efficiency of their production. It has been established that Ordabasy Kus LLP, based on innovative entrepreneurship, is the first innovative enterprise in Kazakhstan applying a new approach to organization and management, focused on innovation, based on the constant search for new ideas and opportunities. In this business structure, it was possible to increase the competitiveness of products and enterprises by releasing new products, expanding the product range, trend, product and marketing innovations into their enterprises. Joint performance of the functions of entrepreneurial structures in the meat production of Kazakhstan: agricultural enterprises, production cooperatives, peasant (farmer) farms, individual entrepreneurs, personal subsidiary farms based on the creation of innovative production associations (cooperatives) based on cooperative relations is proposed by the author. Poultry farming company Ordabasy Kus LLP leads two strategic growth paths: 1) KSIP - creation of “innovative production” on the basis of “reverse strategic integration production” – the number of breeding stock focused on the production of breeding bird eggs; 2) AZIP - on the basis of “upcoming strategic vertical integration production” - intensive expanded reproduction for development purposes, it is proposed to create an “innovative production” for the cultivation of young chickens on replacement of the breeding stock.

Key words: strategic competitiveness, innovation, poultry production, entrepreneurial structures, co-operation, meat production, innovative products.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 08.10.2024